

А Д Ы Р А С П А
Н

Адыраспан

(*Harmal* немесе *Peganum harmala*) — актікендер

тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдіктер туысы, терең тамырлы өсімдік.

Сабы мен гүлінде уы болады. Ерекше күшті сасық иісті, дәрілік өсімдік. Биіктігі 30-80 см аралығында, бірақ көбінде 30 см төңірегінде өседі. Тау беткейлерінде, жол бойында, жазық далаларда көктейді. Жаз-күз мезгілдерінде жемістейді



Қазақстанда оның үш түрі бар.

Оңтүстік Еуропа, Батыс және Орталық Азия, Солтүстік Африка мен Мексикада 6 түрі кездеседі. Қазақстанның шөл-шөлейтті, сортаңды жерлерінде, әсіресе Шу, Іле, Сырдария, Сарысу өзендері бойындағы тақырланған жайылымдарда бір түрі – кәдімгі А. (P. harmala) өседі. Сабағы бұтақты, салалы тамыры 10 м тереңдікке дейін кетеді. Гүлі ақ, сары, бозғылт – сары түсті және ол 1 – 3-тен топталып сабақ басында орналасады. Мамыр – шілдеде гүлдейді. Жемісі – көп тұқымды қауашақ. Тұқымы ұсақ бозғылт не қара түсті болады. Жемісі – ішінде жуандығы 1 сантиметрдей ұрығы бар, қоңыр түсті, шар тәріздес





Дәрілік шикізат ретінде шілде айында бұтақшаларын, жапырағы мен гүлін жинап алады. Ол – улы өсімдік. Халық емшілері адыраспанды адамның құяңын, сегізкөздің жүйке ауруын емдеуге пайдаланған. Мал-дәрігерлік тәжірибеде оның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері ауруларын емдейді. Оның құрамында алкалоидтар бар. Халық медицинасында А-ды буын ауруын емдеуге пайдаланады, қайнатылған суын безгекпен ауырған адамға ішкізеді. Сондай-ақ малдың қотырын да жазады.



Адыраспаннан жүн мен жіптерді бояу үшін күрең қызыл бояу алынады. Тұқымы мен көк шөбінен алынған тұнбаны адыраспан шаруашылық зиянкесте ріне қарсы күреске пайдаланады. Адыраспан – улы өсімдік (құрамында бірнеше алкалоидтар бар), дәмі ашы, мал жемейді. Жаз, күз мезгілінде тұтас денесін, күз мезгілінде жемісін жинап, кептіріп сақтайды.



Тұмау тиіп ауырғанда, отбасы мүшелерін адыраспанға тұз қоса отырып аластаудың магиялық функциясымен қатар ем дарытатын қасиеті де бар. Сондай-ақ емшілікте адамның буынын сырқыраудан, аяқ-қолын қақсаудан емдеу үшін адыраспанды қайнатып, сол сумен ауырған мүшені үш мәрте булайды. Жел-құздан қозған буын ауруын емдеу үшін адыраспанның жас сабағын қиып алып, жаншып буынға тарту керек. Суықтан болған ауруға, терісі бөрткен кезде адамды адыраспан суына шомылдырған.



Адыраспан шөбінің
құрамында гермин,
германин, пеганин деген
алколоидтар бар. Олардың
мөлшері өсімдіктің
ұрығында 4 пайызға дейін
жетеді



Қолданылуы

Мал дәрігерлігі практикасында адыраспанның тұнбасымен малдың қышыма қотырын, түрлі тері экземаларын емдейді. Тұнба 1:10 қатынаста жасалынады. 200 – 300 грамм ұнтақталған адыраспен шөбі қайнаған 2,5 - 3 литр жылы суға салынып, 1,5 – 2 сағат бойы тұндырырылады. Содан кейін оны бәсеңдеу отқа қойып, 2 – 3 минут қайнатып алады.

Жылы тұнбаны малдың қышыма, қотырына жағып, сондай – ақ оны жуып емдейді.

Әдетте адыраспанмен ірі қара, жылқы, ешкі қышымаларын , экземаларын. Қойдың қотырын емдеуге сирек қолданылады.

Адыраспан улы өсімдік болғандықтан, онымен малды емдеген кезде де сақ болған жөн.

Адыраспан қазақ үшін қасиетті шөп болғандықтан бәле-жаладан сақтайды деп үйдің ішіндегі көрнекілеу жерге - кереге басына іліп қояды. Жаңа үйге кірерде босағаға жын-шайтан мүлдем жоламасын деп, адыраспанмен аластаған. Сонымен қатар, бұл өсімдікті иесіз үйді иесі жоқ кезде жайлап алған беймәлім жын-шайтандардан тазарту үшін адыраспанның бір бұтағын отқа салып тұтатып, аластайтын болған.



Халық емшілері адыраспанды адамның радикулитін, сегізкөздің нерві ауруын емдеуге де жиі қолданған. Ол үшін ұнтақталған құрғақ адыраспан шөбінің 50 грамының шүберек дорбаға салып, сыртынан қайнап тұрған су құяды. Біраз уақыт өткен соң суды сығып, дорбаны белдін ауырған тұсына басады да, сыртын тері кесіндісімен жауып, жақсылап байлап қояды. Сөйтіп 30 – 40 минут ұсталады. Дорбадағы адыраспанда ыстық сумен жібітіп, күніне 4 рет пайдалануға болады

